

ҰСЫНАҚТЫЛЫҚ
ҰСАҚТЫҚ ЕМЕС

ТЕХНИКАЛЫҚ
МАМАНДЫҚТАРҒА
СҰРАНЫС
ЖОҒАРЫ

СЕЗІМДІ СЕЛТ
ЕТКІЗГЕН КАДР

Жаннан қымбат оларға ар.
Мен жастарға сенемін.
Маған

АҚМЕШІТ

жастары

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

№ 44 (425)
4 қараша, 2021 жыл

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ



Нұрасыл БАЛҒАБАЙ, Қазақ-Британ техникалық университетінің 4-курс студенті, халықаралық робототехника олимпиадасының жеңімпазы:

«ТАБЫСТЫ АДАМНЫҢ ҮШ ТҮРЛІ ХОББИ БОЛАДЫ»

Дөңгелеген дүниені дүрбелеңге салған фильм әлемдік киноиндустрияның жаңа толқынына айналды. Әңгіме Netflix-тың жұлдызымен түсірілген «Кальмар ойыны» жайында. Алтын күзде ауыздан түспеген дорама 9 сериядан тұрады. Қаржыдан қиналғандар мен қарыздан арыла алмай жүргендерге мотивация ретінде түсірілген туынды көпшілікті баурап алды. Ол аз уақытта 120 млн қаралым жинап үлгерген. Басты фишкасы – берілген тапсырманы орындау арқылы қомақты қаржыны жеңіп алу. Жеңімпаз біреу, үміткер көп. Сонымен қорқыныш пен үрейге толы «Кальмар ойынының» сиқыры неде? Тақырыпты тарқатып көрсек.

«КАЛЬМАР ОЙЫНЫ»: ҚАТЕР ҚАПЕРДІ БОЛСЫН



– Нұрасыл, сіздің Назарбаев зияткерлік мектебінің түлегі және халықаралық робототехника олимпиадасының жүлдегері екеніңізден хабардармыз. Сыр жастарының мұндай жетістігі бізді қуантады. Оқырмандарға мотивация болсын, әңгімеңізді сіздегі жаңалықтардан бастайықшы...

– Астана қаласында өткен халықаралық робототехника олимпиадасында топтасым екеуіміз робот-футбол санатында өнер көрсеттік. Сонда қарсылас-тардан басым түсіп, бірінші орын алған болатынбыз. Бұл санатта әр топтан екі

робот-футболшы (қақпашы және шабуылшы) жасап шығарылып, қарсылас командамен футбол жарысы ұйымдастырылды. Қарсылас командаға ең көп доп соққан топ келесі кезеңге жолдамға алды.

Ал қазіргі таңда Қазақ-Британ техникалық университетінің 4-курс студентімін. Оған қоса www.adata.kz сайтында веб-программист ретінде жұмыс істеймін. Болашақта программист жолын таңдауға робототехника саласы өте көп әсерін тигізді, себебі роботтарға бағдарлама әзірлеу мен үшін ең қызықты кезең болды.

– Қазіргі робототехниканың дамуына қандай баға берер едіңіз? Өзіңіз сияқты жастардың әлемдік жарыстардан бой көрсетуі елдегі бұл саланың баяу да болса дамып келе жатқанын көрсететін тәртізді.

Әйтсе де көмішілтері де бар шығар... – Робототехника саласы осыдан 10 жыл бұрынғы деңгеймен салыстырғанда қарқынды даму үстінде. Алайда ғылым, әсіресе IT салалары бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан қазіргі таңда жеткен прогресс роботтарды кез келген салаға қолдануға мүмкіндік береді алмады. Роботтардың дамуы жасады интеллекттің дамуына тура пропорционал деп есептеймін, сол үшін робототехника саласына әлі де назар аудару қажет.

– Қазіргі уақыт бізден, яғни жастардан жан-жақтылықты талап етеді. Расында сіздің робототехникадан бөлек хоббиңіз оқырмандарға да қызық.

– Табысты адамда үш түрлі хобби болу қажет. Біріншісі, оған табыс әкеледі. Екіншісі, оның денсаулығын сақтайды. Ал үшіншісі оның ішкі жан дүниесін дамытады. Қазіргі таңдағы хоббиімің бірі веб-сайт әзірлеу

мен үшін табыс көзі болып отыр. Бүгінде бұл саладағы мамандар IT-индустрияда үлкен сұранысқа ие. Сонымен қатар футболға деген қызығушылығым өте жоғары. Оқу орнында және басқа жерлерде өтетін футбол турнирлеріне жиі қатысып тұрамын.

– Жаңа технологияны кез келген жас үйренгісі келеді, бірақ біз айтқандай оңай емес. Сондықтан маман ретінде айтыңызшы, салаға бейімделудің алғышарты қандай?

Әрбір сала қызығушылықтан басталады, егер сәтте қызығумен өтіп жүрген саланың ұнамаса, ол саланы ауыстыру туралы ойлану қажет. Бірақ кез келген жолда қиыншылық болады, соның бәрін қабылдай біліп, еңсені түсірмеу керек. Ең маңызды фактордың бірі-білімге деген құлшыныс, себебі ардайым сұранысқа болу үшін прогреске өзін білімнің сай болу керек. Сондықтан жастар ардайым оқып, өз-өзін дамытуға көңіл бөлгені дұрыс деп ойлаймын.

– Ғалымдардың болжамынша, 5 жыл ішінде киборг роботтар ойлап шығарылуы мүмкін. Бұрын 300 және андронд роботтар құрастырылып шықса, енді Азимо сияқты адам тектес гуманоид роботтар шығарыла ма. Біздің елдегі ендігі робототехника жаңалықтары қандай болуы мүмкін?

– Қазір білім беру саласына, әсіресе IT-ға мемлекет тарапынан көңіл бөлініп жатқанын қуантады. Бірақ салыстырмалы түрде біздің елде әлі де біраз жұмыс атқарылуы қажет. Шетелдік мамандарды Қазақстанға тартып, жастардың осы салаға деген қызығушылығын арттырудан бастау керек. Білім – ең қымбат ресурс.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен: Гүлдана ЖҰМАДИН

Фильмдегі 9 серия 9 тапсырмадан тұрады. Ойын ойнау арқылы 38,5 млн АҚШ долларын ұтып аласың. Қарызға белшесінен батып, қанша тырысса да құтыла алмай жүрген 456 адам ақыры ақша арбауына осылай оңай алдырып қалады. Финалға дейін 3 қатысушы аман қалып, «Кальмар ойынына» қатысады. Аталған 3 қатысушы киноның басты кейіпкерлері – Ки Хун, Сан У, Саз-Пек. Тапсырма барысында қатысушылар «қазайған» сайын, құтыдағы ақша көбейіп отырады. Мұны білген қатысушылар жауыздыққа дейін барды. Соңында Ки Хун жеңіске жетіп, қалыпты өмірге оралады. Бірақ үйіне барса, анасының қайтыс болғанын біледі. Өмірін ойынға тіккен ол қатігездікпен қол жеткізген ақшасына мүлде тиіспейді. Ар азабын тартқаны айқын. Бақандай 455 адам ажал құшты. Бәрінің де арманы ақша еді. Алайда жеңіл жолмен келген ақшаның құны жоғары – фильмінің түсіні.

Соңғы кезде қоғамда «фрилансер» ұғымы пайда болды. Ағылшын тілінен аударғанда ол «еркін құс» деген мағынаны білдіреді, яғни бірде-бір компанияның құрамында жоқ, тапсырыс берушіні өз өркімен таңдайтын, жұмыс уақытын өзі реттейтін кәсіп иесі. Көшегі карантинде көпшілік үйден шықпай-ақ, табыс табудың осы түріне көшуді жөн тауыпты. Ендеше, фрилансер болудың артықшылығы мен қиыншылығы неде? Оның құқығы қорғала ма? Санадағы сан сауалға жауап іздеп көрген едік.

Түрлі зерттеулерді парақтай келе, бұл терминнің мағынасына қатысты көптеген дерек барын білдік. Мәселен, «фрилансер» термині әлемге әйгілі жазушы Вальтер Скотттың «Айвенго» романында бірінші рет қолданылған екен. Жазушы романда орта ғасырдағы жалдамалы жауынгерлерді осылай атаған. Бұдан бөлек, фриланс-қызмет көрсету нарығы Батыс Еуропа мен АҚШ-та дамыған. Кезінде дизайнер, фотограф Уолт Дисней фриланс қызмет көрсету арқылы өз қолымен салған суреттерін, карикатуралық портреттерді сатумен айналысқан, осылайша өзінің жаңа анимациялық туындысына қол жеткізген көрінеді. Әлем әдебиетінің классик жазушысы Эрнест Хемингуэй де шығармашылығын Американың «Торонто Стар» газетінде штаттан тыс қызметкер ретінде бастап,

тек жазған материалдарының қаламақысын алып отырған. Ол фрилансер есебінде жұмыс істей жүріп, алғашқы романын жазуға кіріскен. Осы алғашқы туындысы оның болашақ шығармашылығының іргетасын қалаған екен. Бүгінде еліміздегі еңбек нарығында да фрилансерлерге сұраныс айтарлықтай. Тіпті ғаламтордағы арнайы сайт 7 мыңнан аса мамандық бойынша қызмет түрін ұсынады. Олардың арасында бағдарламашы, фотограф, дизайнер, журналист және такси секілді әртүрлі қызмет көрсету салалары бар. Фрилансқа біржола көшкен мамандардың пікіріне сүйенсек, атқарған ісін сай төленетін еңбекке жолжаулықты ұмыттырып, қатан жұмыс тәртібін сақтауға мәжбүрлейді. Сонымен қатар бұл салада қызмет ететіндер тапсырысты өз қаласынан ғана емес, республикадан,

тіпті алыс-жақын шетелден де қабылдауына мүмкіндігі бар. Бірқатарымен әлеуметтік желіде тілдескен болатынбыз. – Күнделікті костюм-шабар киіп, галстук тағып, таңмен таласуы жұмысқа келу, сосын кешке дейін отыру көпшілік үшін қалыпты жағдай. Бірақ, біз үшін емес. Фрилансер – еркін адам, еркін қызметкер. Еркін жұмыс кестесімен жүресің. Тапсырыс берушімен тікелей жұмыс істейсің, оның талғамынан шығу бірінші орында. Өзім дизайнер-интерьер саласында қызмет ететімін, зәулім ғимараттар мен жеке үйлердің ішкі-сырттан көркемдеу үшін түрлі жобаларды дайындап. Астана, Алматы қаласындағы тапсырыс берушілерге жіберіп отырамын. Бұл ретте осы қызмет түрін өрік-жігер мен шыдамдылықты ерекше қажет ететінін айтпай кетуге болмас. Фриланста жауапкершілік жоғары, абыройыңды түсіріп алмай үшін

Фрилансер: артықшылығы мен кемшілігі қандай?

жанталасасың, ал кеңселік жұмыста жауапкершілікті ұжым бөліседі, басшың мойнына алады. Өз басым фрилансер болып өмір сүруге болады

дел санаймын. Ол үшін жеке брендте баса мән беру керек, – дейді Дәурен Тұрғанбек.

Мөлдір СНАДИН

ҰСЫНЫС ЕСКЕРУСІЗ ЕМЕС



Облыс әкімінің қатысуымен өткен жастармен кездесуде «Жылы жүрек жастар» ҚБ жетекшісі Сағатбек Сіюнов мүгедектігі бар жандардың мәселесін қозғап, аймақ басшысына әлеуметтік нысандардағы пандустардың қолайлылығын бақылауға ұсыныс жасаған болатын. Ұсыныс ескерусіз қалмады.

Өңір басшысы Гүлшара Әбдіқалықова қаладағы бірқатар нысанды аралап, мүгедектігі бар азаматтар үшін жасалған жағдайды тексерді. Алдымен аймақ басшысы орталық алаңдағы және Н.Бекжанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрына кіреберісінде пандустың бейімділігін көрді. Сондай-ақ облыстық сот ғимараты жанындағы тротуарға шығатын пандус жоқ екенін назарға

алды. Жақын маңдағы «Bauyrdag» фастфуд орталығы мен «Europharma» дәрханасына да барды. Фастфуд орталығының кірер жолында пандус орнатылмаған, ал дәрхананда тым биік орналасқан.

Аймақ басшысы кәсіпкерлік нысандарда мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы жағдай жасау қажеттігін айтып, кемшіліктердің орнын толтыруды тапсырды.

Жалғасы. Басы 1 бетте

«КАЛЬМАР ОЙЫНЫ»: ҚАТЕР ҚАПЕРДЕ БОЛСЫН

Феномені көп фильмге не себепті 456 үміткер қатыстырылған? Себебі, нумерологияда бұл санның өзіндік мәні бар екен. 456 нөміріндегі жасырын хабарлама қаржы саласына қатысты болып шықты. Төрт — бақытқа жетудің оңай жолын іздеу. Ал бестік ескертуді білдіреді. 4 пен 5-тің комбинациясы жақын арада өмірді түбегейлі өзгеретін үлкен мүмкіндік туралы сыр шертеді. Бес пен алты тез арада отбасын құру жиі некені сақтап қалуды міндеттейді.

Кинодағы геометриялық таңбалардың да психологиялық мағынасы бар. Психологтардың айтуынша, үшбұрыш — жігерлі, қайратты тұлғалар. Олар үшін көпшіліктің назарында болу, үнемі біреуден жоғары тұру маңызды. Жүйкесі темірдей мықты төртбұрыштар сапқынқандылығымен мақтана алады. Табиғатынан ережеге бағынышты консерваторлар. Жанжалдан аулақ. Нақты ұстанымы жоқ әрі үнемі тікелей сұрақтардан қашуға тырысатындар. Бұл ретте психологтар фильмінің қотан нәм балалар үшін қауіптілігін алға тартып отыр.

«Кальмар ойыны» фильмі балалар, жасөспірімдер үшін қауіпті. Мұнда қатігездік көрініс табады. Енді ғана қалыптасып келе жатқан психологиясына кері әсер етеді. Бұрын балалар анасы мен қызы, дүкенші, құтқарушы, полиция сынды ойындарды ойнайтын. Енді балалар қаскөйді сомдауы мүмкін. Белгісіз адамдардың мектепке басып кіріп, оқушыларды атып тастағанына әлемдегі оқиғалар дәлел емес пе? Сондықтан ата-ана баланың теледидардан, гапматордан қандай контент қарап отырғанын қатаң бақылауда ұстау керек», — дейді психолог Галина Салтанова.

Дабыл қағылғанмен корей киносын жастар арасында үзбей көретіндер жиілеген.

— «Кальмар ойыны» сериалы негізгі мәселелерді көрсете білді. Мысалы, сериал барысында несие алғандар статистикасы келтірілді. Күнделікті өмірде ой несиеден кейін соны жабу үшін келесісін алып, талай банктің табалдырығын тосырып жатқан жандар бәрін көріп жүрміз. Фильмде бұл ашақ көрсетілген, кейіпкерлердің әрекеті, қабылдаған шешімі де ой салады. Бас кейіпкер Сон Ки Хунды көпшілік тым мейрімді етіп көрсеткен дейді. Иә, мұнымен келісемін. Дәл осы кейіпкер арқылы фильм түсірушілер адамдар арасында мейірімнің жойылып бара жатқанын айтқысы келді деген ой түйдім. Қандай орта, қандай ұлт, қандай ел болмасын, мейірім мен адамгершілік жоғары бааланатынын ұмытпаған жөн, — дейді Уән Назархан.

Қарызданған қоғамды шынайы сипаттаған «Кальмар ойыны» осы идеясымен бағалы болуы мүмкін. «Алтын көрс, першіге жолдан тартатын» фильм сипаттап бергендей. Бірақ бала санасын ұялайтын бейәдеп сериал мен осындай қанқұйлы драмалар табыс көзі болғанмен, болашақ ұрпаққа қасірет болып келуі ғажап емес. Оның үстіне жақында Білім және ғылым бірінші вице-министрі Шолпан Қаринова фильмде шектеу барын және ол 18 жасстан асқан көрермендерге ғана арналғанын еске салды. Мектептегі тәрбиелік шаралар аясында балаларға пайдалы ақпаратты теріс ақпараттан ажырату дағдыларын үйретуді, сериалға қатысты шектеулерге назар аударуды қатаң тапсырды.

Ерасыл ШӘРІБЕК

ЖАҢА ҚОЙЫЛЫМ

«Жастар театрының» «Ұлардың дауысы» поэзиялық қойылымының премьерасы өтті.



А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде ұйымдастырылған шарада Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, ақын Жүрсін Ерманның 5 томдық тандамалы жыр жинағының тұсауына ресімі болды. Креативті шығарма «Парасат» және «Күрмет» ордендерінің иегері, жырғау, профессор Алмас Алматов пен Мәдениет қайраткері, ақын, режиссер-сценарист Оңталап Нұрмахановтың шығармашылық одағынан туындаған.

Қойылым қиял құшағындағы бала Жүрсін бейнесінен бастау алып, оның қалыптасу жолын жас әртістер өлең арқылы жеткізді. Әзгіше туынды көрерменді тереңіне бойлатты. Ұлытаудың бөктерінде дүниеге келген ақынның өмір жолын сол жерді паналайтын қасиетті құс ұлармен ұқсастыра бейнелеуі тегін емес. Себебі ұлар — тек қана биік шыңдарды мекендейтін адам баласының көзіне түсе бермейтін киелі құс.



«Өйгерім Әбдіқожаева, Ләура Әбділдаева, Арайлым Сапабекқызы есімді тәрбиешілердің балалар жүрегіне жол тауып жұмыс істегені күз мерекесінің жаймашуақ әрі қызықты өтуіне әсер етті деп сеніммен

айта аламыз. Ата-аналар да ауызбіршілікпен атсалысты. Біз мұндай сағаттарды балалардың талантты ашуға жәрдемдеседі деп есептейміз», — дейді меңгеруші Гүлмира Жүнісқызы.

Айгүл СӨРСЕНБАЕВА

«АЛТЫН КҮЗ»

Бүгінде еліміз бойынша ел қамбасына астық құйған тоқшылық пен берекенің бастауындай «Алтын дәл» мерекесі тойланса, барлық тәрбие ұйымдары мен білім беру мекемелерінде «Алтын күз» молшылығын айшықтатын ертенгілік сағаттары өтуде. Соның бірі Қармақшы ауданы, Жосалы кентіндегі «Кенжежүз кз» балабақшасында мерекеленді. Балалар өн салып, би билеген бұл ертенгілікте қызықты өртегі қойылымдары да сахналарда және молшылық айының көрінісін көз алдымызға келтірген көрме бұрышы ұйымдастырылды.

ЖАСТАРДЫҢ ШЕТЕЛГЕ КЕТУІНЕ НЕ СЕБЕП?

◀ САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

Осы аптада 14 пен 29 жас аралығындағы қазақстандық жастар арасында жүргізілген зерттеу қорытындыланды. «BISAM Central Asia» орталығы қолға алған «Қазақстан жастары: құндылықтарды, болжамдарды, талпыныстарды бағалау» атты жобадан қамтылған дүние көп.



Мәліметтерге сүйенсек, жастар мәселесін зерттеудің бір бөлігі көші-қон мен мобильділік тақырыбына арналған. Байқағанымыздай жастардың 62 пайызы елден кеткісі жоқ.

Жастардың көбісі Қазақстанда жоғары білім алып, еңбек еткісі келеді. Дегенмен білімді шетелде алғысы келетіндер де аз емес. Мұның

себебі ретінде шетелде сапалы білім берілетіндігі аталды. Тағы бір себеп — өзге мәдениетпен танысу. Сонымен қатар жоғары жалақы төлеу де ықпал етіп отыр, — дейді жоба авторларының бірі Дина Шарипова.

Бұдан бөлек, зерттеу барысында қазақстандық жастардың ішкі саясатқа аса қызықпайтыны белгілі болды.

«БІЗ ОҚЫҒАН ШАҚТА ҚОЛҒА ТИМЕГЕН ҚҰНДЫЛЫҚ»



Бүгінде 20 мыңнан аса жас «Болашақ» бағдарламасы арқылы шетелден білімін жетілдіріп келді. Мұндай барыс-келіс білікті маман даярлау ісіне айтарлықтай септескені анық. Ал енді өз елімізде оқитын жарты миллион қазақстандық студентке әлемнің маңайындағы Кембридж, Оксфорд, Гарвард университеттеріндегі үздік оқулықтармен шыңдалып, одан әрі дамуға мүмкіндік туды.

«Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламасы арқылы жарық көрген «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында жақында оқулықтың әрқайсысы 10 мың данамен басып шығарылып, барлық оқу орнына, соның ішінде біздің өңірге жеткізілді. Облыстық «Жастар ресурстық орталығында» арнайы кітап бұрышы да ашылды. Маңызды шарада облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова «Ұлттық аударма бюросы» қолға алған бастама білім саласына деген айрықша қолдаудың жемісі екенін айтты. Бұл ретте біз «Ұлттық аударма бюросы»

қоғамдық қорының директоры Рауан Кенжеханұлының да пікірін білген едік.

— 100 оқулықтың бір ғана мақсаты бар, ол — жастардың елге тірек, қоғамға тұтқа болатын мықты тұлға болып өсуіне, білікті маман болуына жағдай жасау. Мұнда танымал авторлардың, оның ішінде Бертран Рассел, Энтоин Кенни секілді британдық ғалымдар, классикалық араб ойшылдары, Жапон, Қытай және Үндістан философтарының еңбегі аударылған. Біз оқыған шақта қолға тимеген құндылық алғашқы уақытта Сыр жастарының пайдасына жарайтынына сенемін, — деп түйіндеді Р.Кенжеханұлы.

КІМ ЖЕҢІМПАЗ?

Сыр спортында серпін байқалады. Оған көпшілік жылдары өңірде салауатты өмір салтын ұстанып, спортты серік етушілердің артуы дәлел. Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы ұсынған мәліметке сай, бүгінде көрсеткіш 31,3 пайызға жетіп, спортпен тұрақты шұғылданышылар саны 254 мыңнан асқан. Жастарды бұқаралық спортқа тарту назарда.



Арал ауданында да бұл бағыт дауыбызды алмады. Жаңа аудармалық «Жастар ресурстық орталығы» Street Workout сайынсы өткізді. Сайыста

шымырлығын дәлелдеген жеңімпаздар Алпыс хат, бағалы сыйлықтармен марапатталды. «Бұл — өлеңге танымал спорт түрі.

Қазақстанға осыдан 3 жыл бұрын келген. Бұл спорт түрі кенжелеп кетпейтін үшін жиі-жиі жарыс өтіп тұрады», — дейді ұйымдастырушылар.

Бетті дайындаған: Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ

Гүлнұр ҚАБАҚОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің экономика мамандығының докторанты:

ҰСЫНАҚТЫЛЫҚ ҰСАҚТЫҚ ЕМЕС

— Кей жас тез табысқа кенелуге құштар. Бүгін кәсіп бастап, ертеңіне миллиондап кіріс кіргенін қалайды. Осы мақсат жетегімен от басып, тез ауқатты боламын деп алаяққа алданып жатқандар да жетерлік. Экономика маманы ретінде бұл ұғымды қалай түсіндірер едіңіз? Жалпы экономикада тез баю деген түсінік бар ма, әлде бұл миф пе?

— Жастар — ең перспективалы кәсіпкерлер саналады. Олар өте жігерлі, ештеңеден қорықпайды, шешімді тез қабылдайды, жаңа технологияларды тез түсінеді. Жыл сайын жастар бизнеске көбірек ұмтылады: олар ата-аналарына көмектескі келеді, тәуелсіз болуды армандайды. Бірақ мұны қазіргі

қажеттілігін қанағаттандыру болып саналады. Сондықтан келешекте «опық жемеу» үшін жан-жақты зерттеп, «кәсіп қай жерде орналасады?», «кім үшін жасаймын?», «қалай жасаймын?» деген сұрақтарға жауап алу қажет.

Нарықтық экономикада тез баю деген ұғым бар деп ойлаймын. Бұл жағдай айналысатын кәсіп түріне және оны дамыта білу қабілеттілігіне байланысты. «Тез баю» деген ұғымды жолы болу, сәттілік секілді себептермен ұштастыруға да болады.

басқару, мотивация секілді экономикалық ұғымдарды ескеру маңызды. Менеджмент бұл функцияларды мұқият қадағалай алмаса, әрине, оңтайлы жол іздеп, кез келген банкке барып, несие алуы мүмкін. Оның үстіне қазіргі нарықта барлық тұрмыстық құралдың бәрі несиеге алуға

күріш пен мұнай. Оның өзі тәжірибелі, ірі



экономикасы секілді пәндер бойынша дәріс береді. Ал математиканы білмейтін студент мұндай пәндерді қалай түсінеді? Сол үшін экономика мамандығына оқуға ниет білдірген шақта алдымен математика саласындағы білімді жетілдіру қажет. Саладағы олқылықтың өзегі — математиканы түсінбеу.

— Сөз соңында отбасы бюджетін жоспарлау, қаржы басқару туралы кеңеспен бөліссеніз?

— Әр отбасыда кіріс пен шығыс бар. Кіріс кіргеннен кейін ол қаржыны қайда жұмсау туралы жоспар жасау маңызды. Кейде кірістен шығыс көп болатын жағдайлар да кездеседі. Ондай кезде қаражатты бірінші қажетті заттарға жұмсау керек. Ал қалған қаржыны күтпеген шығындарды жабуға бағыттаған жөн. Тағы айтарым, міндетті түрде әр түскен табыстың 10 пайызын депозитке салу немесе сақтау қажет. Балапаларға қаржылық ықпалдылықты, қажет емес затқа беталды ақша шығындамауды үйрету керек.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Еркін ШАМШАДИН



Шәкіртақы бола тұра

несиеге өуес студенттер бар. Қымбат смартфон, киім-кешектің өзін қарызға алуды әдетке айналдырған. Жас кезден қарыздануға бейім адам кейін өмірде қаржылық қажеттілігін басқара алады деп ойлайсыз ба?

заманның мәселесі деуге болады ма, білмедім. Бізде ақпарат ағымы өте үлкен. Сол үшін алдымен жастар ақпаратты талдай біліп, «сүзгіден» өткізу керек деп санаймын. Ал экономикалық ұстаным тұрғысынан айтар болсақ, әрбір кәсіп бастауға ниетті адам ең бірінші маркетингтік зерттеу жасау керек. Өйткені «экономика» ұғымының өзі адамның

— Екіншке қарай, мұндай оқиға көп. Жастардың еліктеуге әуестігі, өмір сүретін ортасының ықпалы да көп жағдайда әсер етеді. Мұндай олқылық қаражатын дұрыс реттей білмеу, қаржыны тиімді жұмсай алмаудан болады деп ойлаймын. Бұл жағдайда жоспарлау, реттеу,

қолжетімді. Тіпті несиеге азық-түлік алып, басқа елге саяхаттауға да мүмкіндік бар. Осы тұсты пайдаланып қалу мақсатымен халықтың тең жартысы несиеге жүгінуде. Оның ішінде жастар да көп. Кішкентайынан ата-анасының несие алғанын көрген бала да оңай жол осы екеніне сеніп, қарызға өуес болады.

— Қазіргі қоғам экономикаға қаншалықты бейімделді?

— Біздің қоғамда, әсіресе жастардың өмір-салтында еркіндік басым, мүмкіндік мол. Кәсіппен айналысып, еңбекпен қомақты қаржы табу қолдан келетін жетістік. Алайда елдегі экономиканың мәселесі — өндірістің ақсауы. Қазақстанда өндіріс орны аз және тұрақты әрі ауқымды кіріс кірізетіндері саусақпен санарлық. Ал аймақтың арқа сүйер бағыты тек

компаниялардың үлесінде. Оның үстіне кәсіпкер аз. Осы орайда қоғам кәсіпкер мен бизнесменнің айырмашылығын аңғару керек деп ойлаймын. Кәсіпкер — жаңа өнім шығаруға, жаңа идеяға құмар адам. Ал бизнесмен — кез келген кәсіп түрімен айналысып, пайда табатын адам. Сондықтан жастар алысатарлық, қызмет көрсету саласын емес, өндірісті дамытуға күш салса, кәсіпкер атанып, ел дамуына үлес қосар еді.

— «Соңғы уақытта экономика маманын әзірлеуде сапа деңгейі төмендеді» деген пікірге көзқарасыңыз?

— Бұл сұраққа мен былай жауап берер едім. Маман әзірлеуде сапа деңгейінің төмендеуінің мәні тым әріде жатыр. Мәселен, экономика мамандығына оқуға түсетін талапкер мектеп қабырғасынан математика пәнін дұрыс түсінбей келеді. ЖОО-да оқытушылар жоспарлау, кәсіпорын қызметін талдау, инвестицияны басқару, жобаны басқару, кәсіпорын

Ақылы ақыл айла ма, әлде пайда ма?



уақытта Карнегидің кітаптары сатылымға шығып, бай болу,

көпшілігі — жеке кәсіпке бет бұрғысы келетіндер. Бірақ, мұнда көбіне кәсіп ашудың алғышартын үйреткенімен, қиындыққа тап болғанда

деңгейде менгерген психолог-тренерлер. Олар семинарда іліп аларлық ештеңе айтауы мүмкін. Дегенмен, сіз оған, оның сізге деген жылы ниетіне арбалып, келесі семинарына да қатысыңыз келіп тұрады. Шоумендер халықты

аша қоймауы мүмкін. Тіпті олардың бизнес-тренинг өткізуге уақыты да бола бермейді. — Айналасы бір-екі сағаттың ішінде кәсіпкерліктің қыр-сырын игеремін деп ойлау бос әурешілік. Қысқа мерзімді тренингтердің мақсаты — оқыту емес. Ол тек адамға стимул беруді көздейді. Ал қызыл сөзге шебер жандар қазір мұны өз пайдасына қолданып жүр. Бұл — табыс көзі. Бизнесітегі қажетті

ұсынатын тренерлерге жүгіну қажет, — дейді белгілі бизнес-тренер Айдос Аман.

Қанша адам болса, сонша пікір, сонша ұстаным бар. Ілімді кім қайдан, қалай жинайды, ақылды кімнен алады әркімнің өз тандауы. Бұл — біреуге ақша табудың жолы, енді біреуге пайдасы көп-көсір кеңес болуы мүмкін. Дегенмен мұндайда адамның өзі әрекет етіп, еңбектенуге талпынбаса, ешбір тренинг те, мотиватор да көмекке келе

Жалпы, мұндай тренерлер алғаш АҚШ-та пайда болған. Тренингтерде ірі корпорация басшылары кәсіпті ілгерілетудің қыр-сырын, неден қашық болып, неге жақын болу керектігін айтып, аражігін ажыратып берді. Осылайша, елді аузына қаратқан бизнес-тренерлердің абыройы асқақтады. Уақыт өте бұл үрдіс әлем бойынша тарады. Айта кету керек, ТМД елдеріндегі бизнес-тренингтер тарихының бастауы Дейл Карнегидің есімімен байланысты. 1990 жылдары жалпай қысқарту орын алып, жұрт жұмыссыз қалған

көшбасшы болу жолын жайып салған авторды жұрт жабыла оқыды. Кітапты сатып алғаннан кейін өзін жуық арада байып кететіндей сезінгенімен, күнделікті тірліктен арыла қойғаны аз. Дегенмен, бизнес-тренинг ұйымдастырушыларға деген сұраныс бәсеңдеген жоқ. Қазірдің өзінде оған қатысуға ынталылар көп. Мәселен, елімізде шамамен 200-ге жуық тренинг орталығы бар екен. Бұл тіркелгені ғана. Ақылы тренингтерге жүгінушілердің басым

тығырықтан шығар жолды көрсетпейді. Танымал PR модераторлар негізінен бизнес-тренерлердің 4 топқа бөлінетінін айтады. Олар — теоретик, философ, шоумен-тренер және практик-тренер. Теориктер білімді болғанымен, бизнес саласында тәжірибесіз. Оларға тек ақпарат таратушы ретінде қараған жөн. Философтар — қарым-қатынасты жоғары

семинарға түрлі ұтты ойындарын ұйымдастыру арқылы шақырса, практиктер — бизнесте тәжірибесі бар жандар. Олар — табысы мол компанияның президенттері. Мұндай практик-тренерлер сирек кездеседі. Себебі табысқа жеткен адам өзгелерге өз байлығының құпиясын

дүниелерді меңгеру ұзақ уақытты талап ететінін ұмытпау керек, сондықтан бизнестен хабары бар, кәсіп бастаудың, оны ілгерілетудің нақты технологиясын

алмайтынын ескерген дұрыс.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ

Жанар МҰСАХАНҚЫЗЫ,
«Orda» жоғары колледжі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары:



— Жанар Мұсаханқызы, әңгімізді оқу орындағы жаңалықтар мен биылғы жетістіктерден бастайықшы... Онлайн оқудан кейінгі уақытта колледжде қандай өзгерістер бар?

— Әзірге белгілі, өткен жылдан бастап қазақстан білім беру жүйесіне көшікті. Биыл білім және ғылым министрлігі арнайы нұсқаулық хатына сәйкес дәстүрлі түрде оқытуға рұқсат берілді. Қазір таңда І курс білім алушылары 10 сыныптан кейін ақылы және мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға тапсырылған. Негізгі бағыттары оқу жылынан бастап студенттер мектеп бітіргені жөніндегі куәлік, аттестат балымен қабылданды, биыл дәл сондай, бірақ құжат қабылдау электронды нұсқада жүргізілді. Порталға енгізілген соң талапкер өзінің қай күні құжат тапсырғанын және қорытындысын үйінен көрді. Биыл сынақ болған жоқ, талапқа сәйкес 9 сыныптағы аттестаттың орташа балы, яғни қазақ тілі, математика, Қазақстан тарихы пәндері негізге алынып, 3 пәннің орташа балының қорытындысы бойынша оқуға түсті. Грантты ұтып алу үшін білімнің орташа балымен сәйкес квоталық жүйелер қарастырылған. Ауылдық жерден шыққан, көпбалалы отбасы, әлеуметтік жағдайы төмен, жарытталы жетім, толық жетім сияқты квоталарға байланысты пайызы бөлінгі тұрды. Тағы бір айта кететін жағат,

осыған дейін Қазақ гуманитарлық заң және техникалық колледжі болып келген оқу орнының атауы былтыр «Orda» болып ауысты.

— Дәл қазіргі уақытта мамандықтың қай бағытына ерекше көңіл бөлінуде, яғни қандай мамандыққа сұраныс жоғары?

— Биыл колледжде 195 студент мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуда. 9 сынып негізінде техникалық мамандықтар және бастауыш білім беру мамандықтары бойынша орыс тобына мемлекеттік тапсырыспен қатар, дене тәрбиесі және спорт мамандығы бойынша грант ұтып алдық. Сондай-ақ бізде гуманитарлық, техникалық, ақпараттық жүйе бағыттары бар. Техникалық мамандықтың ішінде электрмен қамтамасыз ету, ғимараттар мен құрылымдарды салу, автокөліктерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу, ақпараттық жүйе мамандықтарына сұраныс өте жоғары.

— Оқу орындағы әрбір студентті «Болашақта қайда жұмыс істейміз?» деген сауалдың алаңдатыны ретінде.

— Оқу орнындағы әрбір студентті «Болашақта қайда жұмыс істейміз?» деген сауалдың алаңдатыны ретінде. Оқу орнындағы әрбір студентті «Болашақта қайда жұмыс істейміз?» деген сауалдың алаңдатыны ретінде. Оқу орнындағы әрбір студентті «Болашақта қайда жұмыс істейміз?» деген сауалдың алаңдатыны ретінде.

— Қызылорда қаласының зейнетақымен қамтамасыз ету орталығының мәліметіне сәйкес, түлектердің 90 пайызға жуығы

жұмысқа орналасқан. Ақпараттық жүйе мамандығын бітірген студенттер IT-park-те, ал «Есеп және аудит» мамандығында білім алған шәкірттер банкте, педагогикалық мамандықты бітіргендер мектепте, балалбақшаларда жұмыс істеуде. Екінші жоғары оқу орнына тапсыруға ниет білдірген студенттер де бар. Біз оларды да жұмыспен қамтуға қосамыз. Өзінің мамандығы бойынша әрі қарай жалғастырып жатқандар бар. Көбісі Қорықт ата атындағы Қызылорда университетінде қауыптан білім алады.

— Студенттердің бос уақытын тиімді өткізу үшін қандай жобалар қолға алынған?

— Сабақтан тыс уақытта «Жас сарбаздар» мектебі жұмыс жасайды. Бұл жайлы әлеуметтік желіге де жарияланды. Одан бөлек мамандықтың ерекшелігіне сәйкес пәндік үйірмелер, пікірталас орталықтары, қыздар арасында «Шашбаулым», «Сырғалым» сынды үйірмелер бар. Колледждің материалдық база өте жақсы, жылдан-жылға жаңартып отырамыз.

— Қай кезеңде де бәсеке маңызды. Қазір барлық оқу орны жаңа заман талабына сай болуға талпынады. Осы жерде талапкер неге Orda жоғары колледжін таңдау керек?» деген заңды сауал тұяндайды. Бұл жайында сіз не айта едіңіз?

— «Orda» — орыс тілінде оқытатын бірден-бір жоғары колледж. Мұнда қазақ тобымен қатар орыс тобы да қатар жүреді.

Еңбек нарығының сұранысына сәйкес мамандарды даярлап шығу — біздің басты міндетіміз. Болашақта «Бағдарламамен қамтамасыз ету» мамандығын ары қарай дамытсақ дейміз, бұрын бізде «ақпараттық жүйе» мамандығы болса, қазір «бағдарламамен қамтамасыз ету» деп атауы өзгерді. Қоғамның сұранысына сай осы бағытта көңіл бөліп отырмыз. Тас қалаушы, құрылысшы, электрик, техникалық жөндеу орталықтарының біліктілігі бойынша маман даярлаудамыз және ол үшін кадрлар құрамы жеткілікті. Бізде Қызылорда жылу орталығы, электр жарығымен қамтамасыз ету, педагогикалық мамандықтар бойынша мектептер, балалбақшалар, IT-park, теміржол көлігіне қызмет көрсету мамандығы бойынша теміржол магистралімен байланыс орнатылған. Кез келген уақытта студенттер тәжірибе алмаса алады және сол жақтан көбіні оқытушылар бізге көліп жұмыс жасайды. Студенттер оқуды бітіргеннен кейін өзінің мамандығын әрі қарай жалғастырып оқи алады.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Гүлдана ЖҰМАДИНОВА
Суреттерді түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ

ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДА



Әр замандағы ойшылдардың арман-мұраты, пікірі мен саяси көзқарасы сол заманның ахуалын көрсетеді. Саясат адамзат қызметінің ажырамас бөлігі ретінде өмірлік мүддеге ықпал етеді. Демек, әлеуметтік-саяси көзқарас сол заманның көрінісін айқындап қана қоймай, келер ұрпаққа да әсер етпек. Сол үшін Абайдың әлеуметтік-саяси көзқарасын білу жастар үшін маңызды.

Мен таныған Абай

Елбасы Н.Назарбаев «Абай аманаты» атты мақаласында: «Абай қаншама тас қапас заманда өмір сүрсе де, болашаққа үмітпен көз тікті, «білімнен шыққан сөз, талаптың болсын кез» дей отырып, «үндіе де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген тағлымын үйретті», — дейді.

Ал Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «Абайдың мұрасына зейін қойған абзал» деп көрсетілген.Сонымен қатар мақалдағы мына ой жастар үшін маңызды: «Өскелең ұрпақ, Абай айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе, өзі шын мәнінде полиглот болса, ұлтқа тек ілптік әкелері сөзсіз».

Қазақ қоғамдық ой-пікір тарихында ағартушылық көзқарасымен ерекшеленетін шығармалардың маңызы жоғары. Қазақтың ірі әдебиетші-ғалымы, драматург, қоғам қайраткері М.Өуезовтың шығармашылығында мынадай пікір бар: «Қазақ ССР тарихының өткен ғасырын еске алсақ, көңілге медеу үш адамды алдымен айтамыз. Олар — шынғай өпкелерден шықса да бір туғандай сөзгеліп асыл жандар. Олар — үшеуі ұш мұнардай болған Шоқан, Ыбырай, Абай».

Осы үшеуінің өмір, еңбек майдандары үш аяуан болуымен қатар үшеуін бір туғандай ететін ұқсастық айтыл. Ол — олардың нәр алған тамыры. Олардың өрісі, өсуі басқаша. Олар өздерінен бұрынғы қазақ баласы бармаған ырсы өлкесіне жетті.

Шоқан орыстың алдыңғы қатарлы мәдениеті мен өркесіме, Шоқан болмас еді. Ол — олардың орыстың мәдениет мектебін танымаса, Ушинский бастаған педагогикалық жаңалықтарды білмесі, орыстың адамгершілі, прогресшіл классикалық әдебиетінің нәрінен көрек алмаса, Ыбырай болмас еді. Соңар сияқты Абай да Крылов, Пушкин, Лермонтов, Салтыков-Щедрин қалдырған әдебиеттік мұраны ұғып, меңгермесе Абай болмас еді».

Қазақтың ұлы ақыны, философ, жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абайдың әлеуметтік-саяси, антропоцентристік, гуманистік көзқарастарының орны ерекше. Оның әрбір поэмасы, қара сөзі, өлеңі мен аудармаларының негізгі мәнін тереңнен түсіне алсақ, өткен замандар, ел жайын, халық тағдыры мен арманын ұғынамыз. Сол арқылы қазіргі кезеңді, кешегі мен бүгінді, болашағымызды айқындай аламыз.

Ұлы Абай өзінің үшінші қара сөзінде: «...!Ұш жылға болыс сайланады. Әуелгі жылы «Сені біз сайламадық па?» деп елдің бұлданғандығымен күні өтеді. Екінші жылы кандидатпен андысып күні өтеді. Үшінші жылы сайлауға жақындап қалып, тағы болыс болып қалуға болар ма екен деп күні өтеді...», — дейді. Бұл ақын дәуірінің демократиялық құндылықтардың қалыптасқандығын көрсетумен қатар, сайлау науқаны барысындағы үміткерлердің жағымды имидж құрыпастырудағы қимылын еске түсіреді.

Сегізінші қара сөзінде: «Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды? Біреу — болыс, біреу — би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жұмыс еді...», — дейді. Ақын бұл пікірі арқылы бай ұшын адалдық, адамдық, ақыл, ғылым, білімнің малдан қымбат еместігін қызыла баяндайды. Олардың қоғамдық дамудың негізгі құндылықтарын бұлай бағалауы көпшіліктің ой-пікіріне ықпал етіп, білім, ғылым, ақылды көрек етпейтіндігіне көңілі толмайды. Десек те, бүгінгі күнде халықтың санасында мұндай көзқарастың қалып қойғаны жасырын емес.

Абайдың ақылды кісі мен ақылсыз кісінің парқын айқындауы (он бесінші қара сөз), қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің өнерлерін айтысып, таласып ғылымға жүгінугі (он жетінші қара сөз) секілді ойы ақыл мен ғылымның биіктігін

дәлелдейді. Ғылымның қоршаған әлемді объективті бағыттарын жүйелендіретін адамзаттың ерекше дүниетанымдық қызметі екенді көрсетеді. Бұл қызметтің негізгі мәліметі жинау, оларды жүйелендіру, жаңа ілімді сарптау мен синтездеуде жатыр. Ғылым бағыланатын табиғи немесе қоғамдық құбылыстарды суреттеп қана қоймай, болжам жасауға еріктігін тигізеді. Сондықтан Абай шығармашылығынан болжам жасау үлгісін байқаимыз.

Жалпы Абайдың қара сөздерінде «білік» туралы 8 рет айтылған екен. Жоғарыда аталғандармен қатар жиырма бірінші қара сөзінде: «Болыс пен бізді құрметтейін десек, құдайдың өзі берген болыстық пен білік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстықпенен біліктің ешбір қасиеті жоқ. Мықтыны құрметтейін десек, жаманшылыққа елдің бәрі мықты, жаспылыққа мықты кісі елде жоқ», — дейді.

К.Бейсембаевтың «Мировоззрение Абая Құнанбаева» еңбегінде Қазақстанда ағартушылық идеясының пайда болуы, Абайдың Ахмет Риза медресесінде, осы приход мектебінде оқу, саяси жер аударылғандармен байланысы, бұржуазиялық ұлтшылдық туралы аңғартар мол. Сондай-ақ Абайдың көзқарастарын Шоқан мен Ыбырайдың ұстанымымен салыстыру, Абай қара сөздерін талдау, философиялық, этикалық және эстетикалық көзқарастарымен қатар әлеуметтік-саяси ой-пікірі де қамтылған.

1994-1995 жылдары Абай өлеңдерін мен қара сөздері негізінде «Абай десем...» спектаклі қойылды. Режиссер — Б.Атабаев. Спектаклетте тарихи фактілерден тыс, көркем қиялдың көмегімен белгілі бір тарихи уақыттың маңызды ерекшелігі жағын түсіндіріп, көркем әдебиет пен тарих синтезіне жүгінуге байқалады. Сол арқылы ақын өмірбаяны мен оның шығармашылық мұрасынан

алынған жеке фактілер, мінез-құлық қырлары, өмір салты, әлеуметтік-саяси көзқарастары суреттелген.

Драмда Абайдың көптеген өлеңдерін пайдалану поэтикалық рең беріп, шығарманы эмоционалды етуге ықпал етті және ол оқиға мен шилеленістердің серпінді дамуына әсер ететін айқын композициялық құрылыммен ерекшеленеді. Пьесаны қоюшылар бұқаралық көріністерді терең дамытып, қысқа мизансценалар жасау арқылы Абайдың гуманистік идеясын мүмкіндігінше толық білдіруге тырысқан. Шындықты романтикалық және философиялық түсінуге, сахна бейнелерінің терең психологиясына, ақынның өзіне тән көркем сөздің ерекше мәнерлілігін сақтауға назар аударған.

Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің қоғамның әлеуметтік өміріндегі маңыздылығы зор деп ойлаймыз. Ұлы ақын өз ойы арқылы бес дұшпан мен бес асыл істі айқындап берді. Әсіресе — алғашында ауызша ақпараттан тарайтын және расталмаған мәліметтерден тұратын қауесет. Қазіргі таңда оның пайда болуы мен дамуын эволюциялық психология зерттейді. Әлеуметтік медианың дамуына байланысты осы байланыс құралы ескерткі тез тарауының негізгі көздері. Өтірік біреуді адастыру мақсатында айтылады және шындықты саналы түрде бұрмалайды.

Ал мақтаншақтық — өз еңбегін, жетістіктерін және басқа да қасиеттерін, көзде қиял арқылы шамадан тыс мадақтаудың түрі. Мақтаншақ адам басқалардан ерекшеленіп, өзінің кейбір қасиеттерін арнайы көрсетеді. Бірнеше әдебиетте мақтаншақтық балалық шақтың барлық адамға тән қасиет деп көрсетілгенімен, мұндай құбылыс есейген адамның бойында бары жасырын емес.

Еріншектікпен біріміз таныспыз. Жасыратыны жоқ, еріншек емес адамдар жоқтың

қасы, тек біреуі оның ықпалына көбірек, енді біреуі аз ұшырайды. Егер өз өмірімізді ұйымдастыруға, бағытты сөзгерге жауапкершілік жүктетсек, еріншектік барлығымызға кесеп болар еді.

Бекер мал шашпақа келсек, бұл әрекет кез келген істің пайдасыздығы, бекершілігі, нәтижесіздігі, бос сүрештілігі менейтіндігі. Жоғарыда аталған қасиеттердің барлығы қазір психологиялық құбылыстар екені даусыз.

Талап адамның қойған мақсатына жетудің ұмтылысын білдіреді. Ішкі ұмтылыстарға сүйенетін талап жүзеге асыру мен иеленуге жетелейді. Қоғамның ілгерілеуі көбінесе еңбек пен өндірісті қатынастың дамуымен байланысты. Еңбек экономикалық категория ретінде әр адамның әлеуметтік ахуалын да түзейді.

Терең ой арқылы айқын білдірген пікір мәселені айқын формасын таңытатыны анық. Ол — әр адам дүниетанымның белгісі. Қанағат қарапайымдылықтың белгісі болғандықтан, бұл әр адамның өзін белгілі бір шеңберде ұстап білу, қалыптық пен ұстандылықтың, сабырлықтың көрінісі. Қанағатшылдықтың көрінісі мынада деп ойлаймын: барлық талаптардағы ұстандылық, салтанат пен шектен шығуға құштығы, билікке құштарлықтың, біреуден басым түсудің, өзін-өзі көрсету қасиетінің болмауы; әділдікті шеңберін сақтау. Рақым болса, мейірімділікке негізделген яғсыз көмек көрсетуге дайын болу. Бұл ақын отырағынадай, Абайдың әлеуметтік-саяси көзқарастары оның қара сөздерінде, өлеңдерінде кең көрініс тапқан. Ұлы ойшыл сол кезеңде қоғамда реформалардың жүзеге асуына ерекше мән берген. Мұның барлығы ақын шығармашылық жұмысы арқылы білдіріп отырған.

Нұрай ЖҰМАДІЛДА,
«Болашақ» университетінің
3 курс студенті

СЕЗІМДІ СЕЛП ЕЛКІЗТЕН КАДР

Метродағы қарапайым сәт. Фотограф бір-бірін толықтырған жарасымды жұпты нысанаға алып, кадрды ғаламторға жүктеді. Санаулы сағаттардан кейін сан мыңдаған адам әлгі жұпқа сүйсінді, яғни суреттің сапасына емес, арғы жағындағы қос ғашыққа тамсанды. 55 жыл отасқан Раушанбек ақсақал мен Меруерт апайдың кадрдағы керемет көрінісі желіде “хитке” айналды. Желігері жұлдызды жұптың селкеусіз сезімі мен кіршіксіз махаббаты бізді де бей-жай қалдырмады.

Раушанбек ақсақал мен Меруерт апайдың танымал болған суреттерін фотограф Асқар Бумаға түсірген. Көпшілігі ойлағандай метродағы фотосессия алдын ала жоспарланбаған.

«Сол күні Меруерт екеуіміз юнаққа бара жатқан едік, содан бұл кісі метроны бір-ақ рет көргенін айтып, бірге аралауды ұсынды. Солай метроның үшін аралап, орындықта демалып отырғанымызда жанмызға бір жігіт пен қыз келді. Өздері де сол кезде біз сияқты қарт адамдарды іздеп жүрді-ау. Содан біздің жасымызда, фотоға түсіруге рұқсат сұрады. Осылайша күлгеннен жерден «жұлдыз» болып кеттік», – дейді Раушанбек Бұрамбайұлы.

Қос ғашық Қызылорда қаласында танысыпты. Алыбарған ақша бет, торғындай үйіріген Меруерт 4 курсты жаңа бітірген Раушанбекті өзіне ғашық қылады. Дегенмен Раушанбектің сабағы махаббат хикаясына біршама кедерісін келтіреді. Оқуды аяқтағанға дейін бір Киевте, енді бір Қызылордада телефон арқылы тілдесіп, хат-хабар алмасып, байланыстарын үзбеген. Ауылға келгеннен кейін жігіт Раушанбек бірден сүйіктісіне ұсыныс жасайды. Біраз уақыттан кейін жаңа түскен келін күйеуін қайтадан Киевке аспирантураға

аттандырып, өзі қайын жұртымен бірге ауылда қалады.

«Отбасылық өмірде қиыншылықтар болды. Оқуын аяқтаған соң, бірден ауылға барып мектепте мұғалім болдым. Рекең бакалаврды аяқтаған соң, Киев университеті аспирантурада оқуды ұсынған. Аспирантураға шақырту алғанда менімен келіп ақылдасты. «Саған ауылда қиын болатын сияқты, жібермесең бармаймын» деді. Алматыға жұмысқа барса, дайын тұрған пәтерміз жоқ, айлығы да аз. Сосын ойлана келе: «Сен оқуыңды жалғастыра бер, мен қанша қиын болса да шыдаймын» дедім. Ауылдағы үйде бұл кісінің өке-шешесі, төрт бауыры болды. Олардың барлығы мектепте оқиды. Қайын енем баламен үйде, қайын атамыз зейнеткер, алатын ақшасы небәрі 20 сом ғана. Үйді асырау менің мойныма жүктелді. Біз ставкада жұмыс істедік, айлығымыз енемнің қолына тиынына дейін санап әкеліп беремін. Бір жарым жылдан кейін Рекең ауылға демалысқа келгенде, мені ертіп Киевті, Харьковті, Мәскеуді көрсетті. Бұл сапар аспирантураға түсуге себеп болып, жолдасымның жаңына жүктелді», – деді Меруерт Асқарқызы.

Отату құрғанына жарты ғасырдан асқан жұп бір-бірінің атын атамайды екен. Меруерт

апай күйеуін «Реке» десе, Раушанбек ақсақал жұбайын «хозяинкам» деп атайды екен.

«Біз Меруерт екеуіміз тату болдық. Сосын ер уақытта бір-бірімізді қабағымыздан түсінеміз, мені қандай жағдай болсын қолдап жүрді. Кейбір жерде ауырлықты өзіне алған сәттер де болды. Меруерт аспирантура оқып жүргенде барлық ауырлықты мен мойныма алып, диссертациясын қорғауға көмектестім, барынша қолдау білдірдім. Күні бүгінге дейін біз бір-бірімізге қолдау білдіруден тайған емеспіз. Қажет кезінде тоқтауымызды айтып отырамыз. Қуанышты да, қайғыны да бірге бөлістік. Ауылда оған үлкен кісілермен, қайындарымен менсіз бірге тұру қиын болды. Бірақ мен үшін бөріне шыдап, бөріне көнді. Менің университет бітіруім де, аспирантурада оқып, докторлық деңгейге жетуімде жарымның арқасы. Егер, Меруерт жағдайды жасап, қолдау білдірмегенде мұндай жетістікке жетуге екіталай еді. Кез келген лауазымды қызметте де маған тірек, ақылшы болды. Бірақ еш уақытта менің жұмысыма белсене араласпайтын, мен де мұның кәсіби қызметіне араласпадым. Меруерт он шақты ғылыми кітап жазды. Ол уақытта мен өз тарапыма бар қолдауымды білдіріп отырдым», – деді Раушанбек ақсақал.

Отату құрғанына 55 жыл болған жұбайлардың екі ұл, бір қыздан жеті немере, екі шөбересі бар. Раушанбек Бұрамбайұлы – философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының мүшесі, Қазақстанның Білім беру ісінің үздігі. Меруерт Асқарқызы – физика-математика ғылымдарының докторы, 10-нан аса кітаптың авторы. Бүгінде 82 жасқа келген Раушанбек Бұрамбайұлы Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетте жас ғалымдарға кеңес берумен айналысады. Ал, 75 жасқа келген Меруерт Асқарқызы зейнетке шығып, немерелерімен уақыт өткізуді таңдаған.



Ерасыл ШӨРІБЕК

Тәрбие тағылымы



Психолог мамандар баланың сана-сезімін үздік мектеп, озық білім емес, отбасында алған тәлім-тәрбиесі ғана қалыптастыра алады деген пікірде. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген нақылдан тегін айтылмағанын аңғарсақ, үйдегі тәрбиенің жүйелі болуы нәтижеге жетелемек. Оған қоса ата-ана перзентіне тәрбие беру жолында ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін сараптауға тырысып, мінезі мен дағдысын да өзгерте алады. Бала өке-шешесінің қалай иінігенин, сөйлегенін, өзгелермен қарым-қатынасының аражігін тез айырып, бойына сіңіруге құштар келеді. Сондықтан ата-ана баланы тәрбиелеу процесінде өзінің де кемшілігін түзейді десе болады.

Тәрбие берудегі ең маңызды қадам – баланың қателігін түсіндіре білу. Алайда бұл айқайлау немесе жазалауға ұмтылуды білдірмейді. Керісінше, бүлдіршінің жақсы мінезін, әрекетін мақтау арқылы кемшілігін өзі табуына жәрдемдескен жөн. Себебі бала болмысы мақтау естуге құмар, ерекше назар аударуды ұнатады. Егер балалардың сізге ұнағанын мінез-құлқын ынталандырасыз, бала сізге жағу үшін одан да көп тырысатын болады. Ата-аналардың балаларын құшақтау, қолпаштау, күлімсіреп қарауы, не істеп жатқанына қызығушылық білдіруі, мұның барлығы балаға ең үлкен марапат ері ынталандыруға айналмақ.

Егер баланың кемшілігін күш көрсету, жеку арқылы көрсетер болса, онда ол жасық, ойын ашық айта алмайтын адам болып өсуі ықтимал. “Жоқ” деген қарсы жауаптың өзін сирек қолдануға үндеудің мәні де осында жатыр. Өрине, алдымен баланы еркiмeн жiберу мен сотар қылып өсiрудiң айырмасын анықтап алған дұрыс. Себебi жасаған iстiң бәрiн дұрыс деп қабылдап, шектеудi сезiнбегу баланы бағдарсыздыққа әкелуi мүмкiн. Егер жасаған терiс қылық үшiн қарсы реакция көрмесе, бала неңiң дұрыс екенiн тану қабiлетiн әлсiретiп алары сөзсiз.

Баламен келiсiм жүргiзу де оң нәтиже бередi. Байқасаңыз, бүлдiршiңге қинап

Балаға бағдар беру, тәрбиелеу – өмірдегі ең күрделі кезең. Сондықтан бүлдіршінің отбасында өзінен еркін сезінуі, сол арқылы дұрыс тәрбие, өнегелі тағылым алуын қамтамасыз ету маңызды саналады. Қоғамдағы өзгерістер сан қубылған кезеңде мұндай оңтайлы жағдайды қалыптастыру уақыт өткен сайын қиындауда. Оның үстіне ата-ананың бала тәрбиесіне қақтысты кей қағиданы қаперден шығарып алатыны тағы бар. Осының бәрі баланың жас шыбықтай иілгіш болмысына әсер етпей қоймайды.

тамақ ішкізу, ұйықтату немесе дәретханаға баруға мәжбүрлеу қисынсыз. Мұндай амал баланың қарсылығын туғызып, ашуын келтіруі мүмкін. Сондықтан баланы мәжбүрлеуден гөрі келісу, алдын ала ойын білу маңызды. Баланың назарын жағымды нәрсеге ауыстыру үшін көңілін аулаңыз немесе өз айпа-тәсілдеріңізді қолданып көріңіз. Өдетте кішкентай баланың назарын сіз ұнатпайтын нәрседен жағымды іс-әрекетке аудару оңай. Назарын бала нәрсеге ауыстыру сіз “бас тартты” дегенді білдірмейді, бірақ оның таңғаларлық жағымды жағы да бар. Егер бала теледидардағы батырмаларымен ойнаса, оған ойын үшін ескі қалта шамды ұсыныңыз немесе теледидардың көрейін дегенде, баладан оны қосуды сұраның. Егер қыз бала косметиканы ойынағысы келсе, оған басқа сәлемге салып, әртүрлі құтылар мен қорапшаларды беріңіз. Мұндай қадам кезінде назар аударып, көңіл бөлгенін байқаған бала ата-анаман қарым-қатынасын реттеуге ұмтыла түседі.

Айтып өткендей, балаға ұрысып, мазадан алу еш нәтиже бермейді. Психологтардың айтуынша үлкендерден “жазалаймын” деген сөзді жиі естiсе, бала ол сөздi елемеуге тез үйренедi екен. Себебi әрекетi жоқ сөз iс жүзiнде ештеңенi бiлдiрмейтiнiң бүлдiршiн де түсiне бiледi. Сондықтан түсiндiрудi, өз үлгiнiзбен көрсетудi және келiсудi үйрену – баламен тiп табысудың ең басты алғышарты.

Расында, айтылған пікірдің барлығы бірдей қадерге аспаса да кей ойдың шындыққа ұласары анық. Бала тәрбиесінің нақты формуласы жоқ екенін ескерсек, әрбір отбасындағы тәртіп пен тәрбиенің жүйесі сан тарауға бөлінеді. Сондай-ақ бала психологиясының арқилылығы да жекейлеп бақылап, өзгеше әдіс қолдануды қажет етеді. Алайда баланың бәрине ортақ қасиет – аңғалдық, сенгіштік, адалдық арқашан жарыққа ұмысқан сәулге секілді бүлдіршінің жол көрсетері белгілі. Тек ата-ана қажетті мейірім мен қамқорлықты аямаса болғаны.

Е.БАЛТАБЕКҰЛЫ

Әдетте жастар отбасын құрған сәтте «екі жарты бір бүтін болды» деген сөзді жиі естиміз. Бірақ психолог Динара Болаттың пікірінше, екі жарты бір бүтін бола алмайды. Әр адам өз алдына бүтін тұлға болуы тиіс. Алғашында құлаққа тосын естілгенмен, психологтың пікірі де орынды. Отбасында әр адам білімді, өз алдына жеке тұлға болып қалыптасса, шаңырақтың бақытты болатыны анық. Сондықтан бүтін жас отбасылардың білімін арттыруға көмектесетін кітаптар жайлы айтамыз.

ОТБАСЫ ӨЗІННЕН БАСТАЛАДЫ

Түркияда жүз мыңнан астам оқырманға тарайтын «Менің отбасым» журналы бар. «Отбасы өзінен басталады» – сол журналдың ең үздік нәтижесі. Неге десеніз, журналдың «Пайдалы кеңестер» айдарымен жарық көрген мақалалар ішінен 33 кеңес таңдалып, кітапқа жинақталған. Сондықтан бұл кітап жас отбасындағы татулық пен берекені сақтауға көмектеседі дейді мамандар.

ДАЙЫНДЫҚСЫЗ ҮЙЛЕНБЕ

Қандай да бір іске дайындықсыз кірісуге болмайтыны сынды отбасын құру үшін де үлкен жауапкершілік керек. Отбасын құрудың алғышарты «өз адамыңды» табу болатын болса, «қандай жар іздейсің, оның бойыңдағы мінез бен әдет қандай болуы керек?» деген сұрақтардың қойылуы заңды. Автор осы сұрақтарға жауап беру отырып, отбасындағы түсінеушіліктің алдын алады. Ақан Мергенбайдың 10 жыл бойы жүргізген зерттеуінің нәтижесінде жазылған бұл кітап жастар үшін пайдалы екені сөзсіз. Себебі кітапта отбасындағы ұрыс-керісті болдырмау жолдары мысалмен түсіндіріліп, тапсырмалар арқылы оқырманға толыққанды баяндалады.

БАҚЫТТЫ ОТБАСЫНЫҢ СЫРЫ

Жас отбасы бір күнде бақытты бола салмайтыны анық. Уақыт өткен сайын берекеге бөлейтін сыйластық пен татулық бірте-бірте қалыптасады. Мамандардың пікіріне сүйенсек, отбасында жұбайлардың бірі білім алып, екіншісі оған көңіл бөлсе, бірін-бірі түсінуі қиындай береді. Ал екеуі бірдей заман ағымымен дамыса, әңгімелесу де оңай. Отбасылық өмірде көздеріңізді ашыңыз, киіккіңіздердің себебі мен шығу жолдарын ұсынған Ариф Өзүтқудың бұл кітабын Мөлдір Төлепбергнқызы қазақшаға аударған. Отбасы атты «тұтас ғылымды» түбегейлі зерттеуге тырысқан автор жар таңдаумен қатар бала тәрбиесіне дейінгі барлық құндылықтарды қамтыған.

Е.ЕРТАЙҚЫЗЫ



ПОЭЗИЯ

Мен сені іздеп келемін...

Қаламгердің сезім иірімін бейнелейтін өлең шумағы өзгені әлеміне жетелегенде ғана өміршең туындыға айналады. Ақтілек Бітімбайдың жүрек төбесінен мен көңіл толқыны астақан жыр жолдары да сондай қуатқа ие. Жас ақынның жүрекжарды шығармашылығымен танысқан әрбір оқырман өлеңнен іздегенін табары сөзсіз.



Күзкүткен

Бұлттардың қалыбынан көрдім,
Қыркөзбе шарығынан көрдім даланың.
Соқпағым сағымға маңыл,
Сағынған шағымда налып
Қайда жүр едің, қарағым?

Қайтпаса сезімнен пәтім
Жеріне жұлдыздар жақын алаптан.
Тылсым-өң – ғаламның әрі,
Жалғыздай адамның жаны
Өзіне кербез қаратқан.

Мен сені іздеп келемін,
Көк сағым тізбектеледі көк шоғыр.
Жеткенше налып қана мен
Жез айды алып барар ем
Жеті қат көкке жетсе өмір.

Көңіліңе түсірдім бе қаяу-мұң?
Тағдыр біздің білмегендей аяуды,
Естеліктен түк қалмады есімде,
Саған барған жолдар қайда аяулы?

Жылы жаққа жыл құсымен кеттің бе?
Сырын айтып жүретін қыз тек түнге.
Оралмадың. Мені аяған өзіңде,
Жанарынан жас тамады көктіңде.

Білген соң мүйіз шықпасын,
Көк түгіл, жердің тұтқасын сілкілеп.
Жанарға жас әкеледі,
Жолымды баса береді
Бір түнек...

Сөйіптер түнекті сөзі,
Жар ғұмыр, сенгенім – өзің, үмітім.
Келгендей жалын жанарға,
Ел мендей сағына алар ма,
Жалғыздық кешіп күні-түн?

Сыр айтшы сенің, қылықтым,
Күтемін өмір бұйрықтың кеңдігін.
Шыр-шудан сана бұлтпаса,
Көңілің алабұртса да,
Үнсіз кетпеші ендігі...

Сәт

Өзің жайлы ешбір жерде жоқ дерек.
Сезім енді кімнен, қалай көнтемек?
Мен отырмын ренжулі ғұмырдың,
Бір өзімнен өтпесіне өкпелеп.

Дерегің жоқ қайда кеттің, қарағым?
Шырқалмады сен кеткелі бал әнім.
Жоғалтқан күн еске орала береді,
Көз алдымда көлбеңдейді жанарың.

Сүріндірген сол күндерге кеткендім.
Түсінерсің себебін бұл өкпемнің.
Қос жағада қалып қойдық, тағдыр да
Сен жағына өткізбеді өткелдің.

Қайыры жоқ сауға сұрап қолдардан,
Өларда саған жетпей, өлді арман.
Сағынғанда айта алмаған күйім бұл,
Саған барып, қайта алмаған жолдардан.

Ақтілек Бітімбайдың өлеңдері

ТАМЫЗЫК

ВИРТУАЛДЫ ӘЛЕМНЕН ШЫҒЫҢЫЗ!

Жақында Арман есімді досым сырын ашты. Ол әлеуметтік желінің қыр-сырын меңгергенін, тіпті тәулігіне 12 сағаттан астам уақытын жұмсайтынын айтып мақтанды. Әрине, заманауи құралдың тілін білген жақсы. Бірақ оның зиянын ескеру керек.

Әлем бойынша интернет пайдаланушылардың саны 4,54 миллиардқа жуық болса, әлеуметтік желіні пайдаланушылар саны 3,8 миллиард деген дерек бар. Көш басын Facebook бастап тұр. Одан соң екінші орынды YouTube, үздік үшін Instagram әлеуметтік желісі аяқтайды. Биыл «Statcounter Global Stats» тапдау жасау сайтының дерегі бойынша, елімізде әлеуметтік желілер арасында бірінші орынды Pinterest, екінші орынды YouTube, үшінші орынды Вконтакте еншілесе, төртінші және бесінші орынға Facebook пен Twitter тұрақтаған.

Қарап отырсақ, желінің желкенін ескендер көп. Әсіресе, замандастарым ұйқыдан тұра салысымен телефонын іздеуді әдетке айналдырған. Бірақ психологтардың пікірінше, ғаламторды шектен тыс пайдалану жас жеткіншектердің психикасына кері әсер тигізуі мүмкін. Әлеуметтік желіге деген тәуелділік жасөспірімнің өмірге бейімделуін тоқтатады. Құрдастарымен ара-қатынасты үзіп, аитуал достарға көп көңіл бөлуіне, үлгерімінің төмендеуіне дейін әкелуі ықтимал.

Таяқтың екі ұшы бар, бұл мәселеде де солай. Мүлде тиімділігі жоқ дей алмаймыз. Мәселен, бұрын дүкен аралап, кешкі ас ішу үшін мейрамханаларды шарлап жүретін болсақ, қазір бәрі басқаша. Бір ғана батырманы басып, онлайн тапсырысқа жүгініп, үйге дейін қалаған тағамды алдыруға болады. Қалай десек те, желінің пайдалы тұсын қажет болған жағдайда ғана ескеріп, виртуал әлемді шынайы өмірден білкіоймауға тырысу керек. Гаджетті парактап, жаңалық іздеп, өзгенің өмірін бақылап отырғанда сіз өз өміріңізді басты құндылық – уақытты жоғалтып жатқаныңызды ұмытпаңыз!

Индира РАХМЕТОВА,
Қорқыт ата
атындағы Қызылорда
университетінің студенті

«ЕСІРТКІСІЗ ӨМІР ҒАЖАЙЫП» БАЙҚАУЫНА!



Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен

«Наркомания» термині грек сөзінен шыққан, «есінен айрылу, құмарлық» дегенді білдіреді. Қауіпті затты тұтынушылар қоршаған ортаға қасірет әкелумен қатар, денсаулығын құрдымға кетіреді. Бұл мәселе әлі де өзектілігін жойған емес. Жағымсыз әдетке тәуелді адамдардан көбіне жақыны теріс айналып жатады. Себебі есірткінің қармағына іліксең, сытылып шығу қиынның қиыны. «Адам өз өмірінің қожасы». Сондықтан жаманнан қашық, жақсыға асық болу керек. Бұл ретте Елбасы ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың жастарға берген екі маңызды кеңесі еске түседі. Оның біріншісі – білім алу, екіншісі – ел игілігіне қызмет ету. Ал, мұның бәрлығына қол жеткізу үшін десаулығыңа мән беруің керек. Саулық – сақтықта. Оның үстіне жастары жағымсыз әдетке үйір елдің болашағы да бұтың. Болашақтың кілті біздің қолымызда екенін естен шығармайық!

Алина АТОЛПА,
Қызылорда қаласы,
Досан ауылындағы
№280 мектептің
8 сынып оқушысы



Біз жастармыз Мағжан сенген кешегі

Жастар – ел болашағы. Келешектің кілті де біздің қолда. Біздің еншімізге Қазақстанның мәңгілік ел болуына атсалысу жазылған. Сондықтан арманға ұмтылу керек. Менің өз арманым бар. Тұғырлы елдің еркіндігі үшін қызмет ететін өз ісінің нағыз маманы болғым келеді. Ең бастысы, адамгершіліктен аттамайтын азамат болуды қалаймын. Алдағы мақсатымыз – қиналғанға қол ұшын созып, көмек қажет жандардың жанынан табылу. Жүгенсізді жөнге салып, заң бұзушылықтардың алдын алу, қоғам тыныштығын сақтауға атсалысу да үлкен жауапкершілік деп білемін.

Жақында мектепте қоғам дертіне айналған есірткімен күрес мәселесіне қатысты конференция өтті. Осы конференциядан қажетті мағлұмат алып, өмір бойы кәсіпке ұстауға қажет кеңестер тыңдадық. Біздер, жас ұрпақ өзіміздің денсаулығымызды бағалап, салауатты өмір жолын ұстанып, зиянды есірткіден бойымызды алшақ ұстауымыз керектігін ұғындық.

Есірткі – әлемді жаулаған қатер. Оның кесірінен қаншама адам өз болашағынан айрылды. Мамандар елде 24 мыңнан астам адам есірткіге тәуелді екенін айтады. Адам өмірін бір сәтте басқа арнаға бұратын зиянды әдет жастар арасында белең алған екен. Есірткімен күреске үндейтін фильмдерде де осы жасөспірімдер арасындағы тәуелділік ашық көрсетіледі. Оны қарап отырып, жеңіл ақшамен келген жетістіктің құнсыз

екенін түйсінуге болады. Сонымен қатар жаман әдет жақсы ат әйремейтінін, есірткі есінді алып, тәуелділік туыратынын ұғынамын. Тәуелділіктің зардабы көп, оның әсерінен адамның ойлау қабілеті, сана-сезімі бұзылады, өміріне бапша шабылады және жүйкесі бұзылып, құмарлық өмір бойы сақталуы мүмкін. Тек санаулылар ғана оны жеңген. Себебі жалғанның кермек дәмін татамын деп алдамшы, бір күндік ләззатқа батамын деп құрдымға кеткендерді құтқару көбіне кеш болып жатады. Оның үстіне телекоммуникацияның дамуы есірткі саудасының екінші тынысын ашып отыр.

Бұл ретте есірткі саудасын тоқтата алатын күш біреу болса, ол – ішкі рухымыз. Заң бойынша есірткіге қатап тыйым салынған. Біз – ақын Мағжан Жұмабаев сенген тәуелсіз елдің тірегіміз! Біз, жас толқын – ата-ана, ұстаздарымыз бен жақындарымыздың үмітін арқаалаған келешектің иесіміз! Сондықтан да замандастарды салауатты өмір салтын сақтауға, ойымызды, бойымызды таза ұстап, жақсыға ұмтылып, жаманнан жиренуге, ізденіс жолына түсіп, білім мен ғылымды дамытуға шақырамын! Дана да дара болайық, ел ертеңің кемелдендіруге бірге күш салайық! Біз есірткісіз болашақты тандаймыз!

Ағыбай САҚЫП,
№2 Абай атындағы
мамандандырылған мектептің
9-сынып оқушысы



Халық саулығы – ел байлығы

Нашақорлық – қоғам қасіреті. Өуелі еліктіріп, содан соң тәуелділікке жеткізетін зұлым күштің құрбанына айналас үшін оған жұмыла қарсы тұру керек. Дегенмен қазір іредетті ауыздықтау мүмкін болмай тұр. Адам рухани дамуға, бос уақытын қоғам үшін пайдалы бастамаға арнаса, дертпен күрес мүмкін болар еді.

Мемлекет басшысының «Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасында» салауатты өмір салтын ұстану басты мәселе ретінде көрсетілген. Осындай бағдарламалар ұлт жанашырлары, жаялдың жастар тарапынан қолдау тапса, озық елдің қатарында оза шабатынымыз айдан анық. Көз келген мемлекеттің болашағы дені сау, санасы ояу жас ұрпақпен күлдене тосық.

Кешегі өр намысты Махамбет Өтемісұлы, Әліхан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Қайрат Рысқұлбеков сынды ұлттың тәуелсіздігін аманат еткен бабалардың арманын аласартпай, ұятты ғасыр іредітін бойымызға жұқтырмайық! Есірткісіз өмір ғажайып!

Мирас ҚАЙРАТҰЛЫ,
Сыдария ауданы
№ 37 мектеп-лицейдің
10 сынып оқушысы

Қазақстан құрамасының бас бапкері Талғат Байсуфинов 7 қараша күні басталатын оқу-жаттығу жиынына 30 ойыншыны шақыртып отыр.



ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА ЖАСАҚТАЛДЫ

Қақпашылар: Стас Полатилов («Кайрат»), Мұхамеджан Сейсен («Тараз»), Игорь Шацкий («Шахтер»), Бекхан Шаизада («Ордабасы»).

Қорғаушылар: Марат Бистров («Ахмат», Ресей), Азат Нұрғалиев («Астана»), Темірлан Ерланов, Юрий Логвиненко (екеуі де – «Ақтөбе»), Сергей Малий, Александр Марочкин (екеуі де – «Тобыл»), Нұралы Әліп, Ян Вороговский (екеуі де – «Кайрат»), Ескендір Қыбырай («Шахтер»), Әлібек Қасым («Қызыл-Жар СК»), Мақсат Тайенов («Каспий»), Еркін Тапалов («Ақжайық»), Сағадат Тұрсынбай («Ордабасы»).

Жартылай қорғаушылар: Бақтияр Зайнутдинов (ЦСКА, Ресей), Исламбек Құат («Астана»), Асхат Тағыбергенов,

Азат Нұрғалиев, Самат Жарынбетов (барлығы – «Тобыл»), Георгий Жуков («Висла», Польша), Сұлтанбек Астанов («Ордабасы»), Рамазан Оразов («Ақтөбе»), Владислав Васильев («Андижан», Өзбекстан).

Шабуылшылар: Оралхан Әміртаев («Шахтер»), Артур Шүшенәев («Кайрат»), Айбар Жақсылықов («Жетісу»), Рамазан Кәрімов («Каспий»).

Айта кетейік, Қазақстан құрамасы 13 қараша күні Франция құрамасына қарсы ойнайды. Матч Париждегі «Парк де Пренс» стадионында өтеді. Ал 16 қараша күні ұлттық құрама «Астана Аренада» Тәжікстан командасына қарсы жолдастық матч ойнайды.

МЕРЕКЕ – НАҒЫЗ ЧЕМПИОН

Белбеу күресінен Мереке Құдайбергеновтың есімі көпке таныс. Ол қанша жетістікке жетсе әрбір жеңістің астарында үлкен күш, қайнаған қайрат, жігер-намыс жатыр. Соның біріне тоқталып өтсек. Әлем чемпионы алдында Нұр-Сұлтан қаласында оқу-жаттығу жиынына дайындық жасап жүрген. Содан не болды десеңші, жарысқа аттануға екі күн қалғанда тобығын шығарып алды. Дәрігерге көрсетсе, жарысқа жібермейтіні ақиқат. Енді не істеу керек? Ол ауылда талай рет шыққан қол-аяғын сынықшыға салдырып үйренген. Сондықтан сынықшының жәрдемі қажет болды. Осы ойы Ұлттық құраманың аға бапкері Ерлан Сәтбаевпен бір жерден шығып, елордадан сұрастырып жүріп, әйтеуір іздегенін табады-ау. Алайда шыққанына бірнеше сағат өткен тобықты салу оңай болмайды. Сынықшы: «Бірнеше ай аяғыма көп күш түсірме», – деп кеңес беріп, аяғын матаға таңып, байлап береді.



Қонақүйге ақсандап жетіп, төсегіне құлайды. Етек жасқа толды, үміт көзден бұл-бұл ұшқалы тұр. «Әлем чемпионы боламын деген мақсатым елес болды ма?» деп ойлады. Қашаннан Мереке серік мытым, қиындыққа мойымайтын қасиетке ие еді. Сол қасиеті қыздың намысын қайрады. «Қалай болғанда да Әлем чемпионына қатысамын» деп өз-өзің қамшылады. Дәріханадан түрлі май алып, жарнақат орнын сылапты. Ертесіне жаттығу залына барып, аға бапкерге мәңжідей түсіндіріп, әлемдік додаға қандай жағдай болмасын баратынын айтты. Қырағы жаттықтырушы Мерекенің көзіндегі отты көріп, «жолға дайындал» – дейді. Жүйрік пойызбен үш күн жүріп, Ресейдегі Домбай қаласына жетеді. Белбеу күресінен бақ сынауға 122 мемлекеттен 300-ден астам кіл мықты жиналады. Қазақтың қайсар қызы 76 келіде бақ сынады.

Алғашқы айналымда кілем иесімен белдеседі. Жергілікті жанкүйерлер алдында жер болмауды ойлаған қарсыласы, ақсандап басып жүрген аяғын қайта-қайта түрткілеп, жарақатын жаңына батырады. Алайда

қарсыласының пығылын түсінген рухты спортшы мәселені тез шешуге тырысты. Ұрымтал сәтті ұтымды пайдаланған Мереке қарсыласының екі жауырынын кілемге тігізеді. Одан кейін түрікмен аруының осал асын табады. Ал, аяқты бәсекесі Ресей елі үкілеп қосқан Екатерина Бурновамен белдеседі. Қарсыласы белбеу күресінен әлемнің экс-чемпионы, оның үстіне, әлемдік рейтингте үшінші орында тұрған азулы спортшы.

Бұған дейін Мереке Латвияда, Грекияда өткен Әлем чемпионында қолына місе тұтқан (самбо күресінен). Енді қалай болғанда да қоланы алтынға ауыстыруы тиіс. Осы мақсатпен жігерленген спортшы даңқты қарсыласын төртінші минутта айқын жеңеді. Ақсандап келіп, чемпиондар тұғырына мініп, қазақ елінің Әнұранының шырқауына сөзбелер болады. Марпаттау сәтінен кейін финалдағы қарсыласы Екатерина ақсандап жүруінің себебін сұрайды. Жүзіне күлкі үйірілген Мереке жарысқа келер алдында тобығын шығарып алғанын айтты. Сонда даңқты спортшы қазақ қызының қайсарлығына тәнті болып, басын иіп: «Мереке, сен нағыз чемпионсың!» – депті.

Аладоп аламанда аяқдопшының абыройын асқақтатын «Алтын доп» сыйлығы биыл қарашаның соңы аптасында беріледі. Нақтырақ айтсақ, аталған жұлде 29 қараша күні Швейцарияның Цюрих қаласында табысталады. Сонымен бірге «Алтын доп» қай футболшыға бұйырады? Әлемдік сарапшылардың пікірін саралап көрсек.



«Алтын доптан» үмітті 10 футболшы да өз командаларын өрге сүйреп жүрген жандар және шеберлік тұрасында талас тудырмайтын тісқақан ойыншылар. Олар – Лионель Месси (ПСЖ), Роберт Левандовский («Бавария»), Жоржиньо («Челси»), Н'Голо Канте («Челси»), Карим Бензема («Реал Мадрид»), Килиан Мбаппе (ПСЖ), Ромелу Лукаку («Челси»), Эрлинг Холанд («Боруссия Дортмунд»), Кристиану Роналду («Манчестер Юнайтед») және Кевин де Бройне («Манчестер Сити»).

Алайда негізгі бәсеке үш мықтының арасында өтері анық. Бұл жолы футбол жанкүйерлерінің басым бөлігі Месси мен Роналдуды осы жолғы «Алтын допқа» лайық емес деп санайды. Керісінше, әйгілі Favbet букмекерлік кеңсесінің сарапшылары жеңіске басты үміткер деп ПСЖ шабуылшысы Лионель Мессид атап көрсеткен (коэффициент – 1,55). Екінші орынға «Баварияның» шабуылшысы Роберт Левандовский жайғасқан – 3,00. Үздік үштікті Италия құрамасының сапында өткен жылы Еуропа чемпионы атанған және клубпен бірге Чемпиондар лигасын жеңіп алған «Челсидің» жартылай қорғаушысы Жоржиньо (6,00 коэффициенті) түйіндеп тұр. Осы жүлденің бес дүркін иегері, «Манчестер Юнайтед» командасының 36 жастағы шабуылшысы Кристиану Роналдуды сарапшылар 10,00 коэффициентпен бесінші орынға қойған.

Бір қызығы, жылдың ең беделді жүлдесін тапсыру рәсіміне бір айдан астам уақыт қалды, бірақ болашақ жеңімпаздың есімі қазірдің өзінде интернеттегі спорттық параклаларда жүр. Онда польшалық сұрмерген Роберт Левандовскийдің ең көп дауыс жинап, жеңіске жеткені көрсетілген. Дауыс жинау жағынан екінші орынды Лионель Месси, ал үшінші орынды Карим Бензема алған. Мохамед Салах төртінші, Жоржиньо бесінші орынға тұрақтаған. Айтпақшы Роналду бұл тізімде тоғызыншы орында тұр.

COVID-19 індетіне байланысты France Football

былтыр «Алтын доп»

жүлдесін өткізбеді. Ол

кезде көпшілік бұл


жүлдеге «Баварияның»

шабуылшысы Роберт

Левандовскийді лайық

деп тапқан еді.

VAR ЖҮЙЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



Қарашадан бастап біздің елде де әлемдік тәжірибедері VAR жүйесі қолданылмақ. Қазақстанның футбол федерациясы мен кәсіпқой футбол лигасы OLIMPBET-Қазақстан кубогы ойындарында VAR жүйесін қолдануға FIFA-дан ресми рұқсат алды.

Қазақстан футбол федерациясы баспасөз қызметінің таратқан мәліметі бойынша қазір бірқатар отандық футбол төрешілері оқудың барлық кезеңінен өтіп, ресми ойындарда VAR (video assistant referee) және AVAR (assistant VAR) ретінде жұмыс істеу үшін FIFA-дан қажетті лицензияларын алған.

Енді келер маусымда OLIMPBET-Суперкубок, OLIMPBET-Чемпионат және OLIMPBET-кубогының ойындарында қызмет көрсетуге жоспарланған барлық төреші үшін

оқыту және лицензиялау процесі жалғасуда. Ал осы маусымдағы кубоктың жартылай финалдық және финалдық ойындары FIFA және IFAB бекіткен VAR хаттамасына сәйкес өтеді.

Футболдан Қазақстан кубогы ойындарының жартылай финалында «Тобыл» – «Шахтер» және «Астана» – «Кайрат» клубтары бақ сынайды. Алғашқы ойындар 6-7 қарашаға, қарымта матчтар 20-21 қарашаға жоспарланған.

Айта кетейік, соңғы рет Қазақстан кубогын 2019 жылы Қызылорданың «Қайсары» жеңіп алған болатын. Ал былтыр пандемияға байланысты кубок бәсекесі ұйымдастырылған жоқ.

ЖҮЛДЕЛЕР САРАПҚА САЛЫНДЫ

Облыс спортшыларының басын құрайтын «Алтын күз» спартакиадасы биыл Жаңақорған ауданында ұйымдастырылды. Төрт күнге ұласқан аламанда сандақтар спорттың 15 түрінен жүлделерді сарапқа салды.

Биыл отыз төртінші мәрте жалауын көтерген дәстүрлі шараның ауқымы кеңейген. Бұқаралық сипаты басым спорт түрлерінен бөлек сапт дәстүрді насихаттайтын жарыстардың да қатары көбейген.

Спартакиада нәтижесінде Жаңақорған ауданы жалпы командалық есепте көш бастады. Бұл аудандың спортшылары баскетбол, волейболдан ерлер мен қыздар арасында бірінші және екінші орын алды. Сондай-ақ қазақ күресі мен көкпар, аударыспақтан жоғары жетістікке жетті. Спорттың өзге түрлерінен де алдыңғы орындардан көрінді.

Сырдариялықтар да үлкен дайындықпен көлгенін көрсетті. Олар тоғызқумалақтан жеңімпаз атанса, қол добы мен теңге ілуден екінші орын алды. Ал бір тасын көтеруде үздік үштікке енді.

Жалпы командалық есепте үштікті Шіелі ауданының командасы түйіндеді. Олар футбол, теңге ілуде бірінші, шахмат пен аударыспақта екінші, үстел теннисінен үшінші орынға табан тіреді.

Бір ғана ұлаймен қалыс қалған Арал және Жалағаш аудандарының құрамалары 4-ші және 5-ші орынға жайғасты.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРЛЫҒАШТАРЫ

Тәуелсіздік – қазаққа келген құт. Осы құтты дүние орнап, қазақ азаттығын алған кезде қай салада болмасын жаңашылдық орын алды. Елім деп өмірленген ел ағалары тың істерге сәріпін берді. Бүгінде жас буын соның жемісін көруде. Солардың бірі – Гүлбақыт Ізім. Жалынды жас қазір ұлт нышанын асқақтатып, қазақшылықты дәріптеп жүр. Сүйікті ісін кәсіп көзіне айналдырып, қала орталығынан «Izifashion» ательесін де ашты.



«Тәуелсіз елдің дамуына үлес қосуды қалаймын»



– Ата-анам бұрын қандай да істі игеріп ақету қиын болғанын, ал қазір тұрғылы тәуелсіздіктің арқасында ел көркейіп, кәсіпкерлік ерісі кеңейгенін, халықтың жағдайы әлдеқайда жақсарғанын қуанышпен айтып отырады. Бір жағынан, тәуелсіз ел атанып, жаңа өмір бастаған Қазақстанмен бірге өсіп-өркендеу бізге үлкен сынақ деп білемін. Себебі ел басынан түрлі оқиға өтті. КСРО ыдырағаннан кейін барлығын жаңадан бастаған ел үкімет құру, заң қабылдау, жұмыссыздық, тауар тапшылығы, валюта ауысуына байланысты қиындықтарды басынан өткерді. Осы кезеңді еңсеріп, іргесі берік, ынтымағы мығым, саяси тұрақтылығы жоғары мемлекет екенімізді дәлелдедік. Егемендіктің жасампаз көріністері

қоғамдық өміріміздің қай саласында да өзіндік айшығыммен аңғарылууда. Мемлекет тарапынан барлық салаға қолдау артқан. Жастардың да әрбір бастамасы елеусіз қалып жатқан жоқ. Тек осы жауапкершілікті сезініп, өзімізге жүктелген сенім үдесінен шығу қажет, – дейді ол.

Бүгінде Гүлбақыт жұртшылықты әсем дүниелерімен танылуда. Ұлттық дәстүрдің парқын білетін жас шебердің бос уақыты аз, тапсырысы көп. Қолы қалт етсе, тігін машинесіне отырады. Еуропалық киімдерді өзіміздің ұлттық нақыштағы ою-өрнектермен безендіріп, жарыққа шығарады, кәдесый, қыз жасауын дайындайды. Сән үлгілерін құлпытартып жасауға ниетті. Кәсіби шеберлігінің жоғары дәрежеде болуы өз алдына,

осы өнерді одан әрі дамытып, жетілдірсе депті. Осылайша, ол тәуелсіз елдің қарыштап дамуына тәмішдей болсын өз үлесін қосуды қалайды.

– Қолдаушыларым көп болғандықтан да бұл іс қарқын алды. Қазір шағын ұжыммыз қалтап отыр. Алдағы уақытта туған елге біздің өрлеуіне күш саламыз. Кәсіпті түрлі мемлекеттік бағдарлама арқылы дамыту ойда бар. Тігіннің қыр-сырын үйрететін оқыту орталығын ашуды жоспарлап отырмын, – дейді шебер.

Жүрек қалауымен атқарған істің қайтарымы болатыны сөзсіз. Гүлбақыт та еңбектің есепсізін, оның игілігін көретін күн алыс емес екендігіне сенімді.

М.СНАДИНҚЫЗЫ



Фотожурналистика саласының өз “Оскары” бар. Ол – “World Press Photo” сыйлығы. Жыл сайын 5 мың автор мен 80 мыңнан астам фототуындыны саралайтын байқаудың мақсаты да өрек. Қазылар алқасы фотосуреттің ракурсы, саға деңгейін емес, алдымен өзектілігі мен эмоциялық өсеріне баға береді. Ал сыйлықтан үмітті фотосуретші басым деңгі қоғамдағы әлеуметтік-саяси мәні мен философиялық өзгерісті таспалауға құштар. Содан болар, бұл өнер бәсекесі әлем назарынан тыс қалған емес. Осы орайда байқауда үздік деп танылған 4 шығарманы жариялауды жөн көрдік. Сіз де эстетикаға толы сыры фотосуреттер үзігіне зер салыңыз, оқырман!

ОБЪЕКТИВ КӨЗІМЕН



Бұған дейін “World Press Photo” ұйымдастырушылары пандемия қаттысты фотожоба мен авторлардың жеке туындысы көбейгенін жазымаған. Себебі коронавирус өршіпелі ғаламдық құндылық шайқалып, денсаулық қадрі, жақын-жуық маңызына көзқарас өзгерді. Даниялық фотограф Мадс Ниссеннің “Алғашқы күш” атты фотосуретінің бас байғени алуы да осыны меңзейді. Фотосуретте Бразилиядағы қарттар үйінің тұрғыны 85 жастағы Розаның бес айдай бері алғаш рет медикінің құшақтап, мауың басына бейнеленген. Қарағым режіміне сәйкес тұрғын-тұяққа барудан шектелген әлем жұртшылығына суреттің риясыздығы әсер етсе керек.

Байқауда Палестинаға қатысты екішты көзқарас та көрініс берді. Биыл Антонио Фаччионигоның палестиналық тұтқындарға арнаған “Хабити” жобасы “Жыл репортажы” айдарында топ жарды. Антонионның фотожобасы туралы сөз

қозағанда сәл шегініс жасауға тура келеді. Себебі автор фотосуретте палестиналық тұтқындардың өмірі, отбасы туралы ақпаратты ерекше символикалық әдіспен жеткізген. Ол палестиналық дисидент Назель аль-Баргутидің өмірін суреттеу үшін оның белмесі мен костюмін ғана суретке түсіруді жеткілікті деп санаған екен. Осылайша Израиль түрмесіндегі саяси бепенділерді дәріптеуде ұтырлық көрсеткен Антонио Фаччиониго тағы да қарсыластарын басып озды.

Соның оқымысалындағы фотобайқаулардың жетістігі – батылдық. “World Press Photo”-ны айтағанда, “Пултитер” сыйлығына үміткер жеке автор мен фототігіштердің өзі соғыс зардабы, адамзат қатігездігі туралы ой саларлық фотосуретті ұсынуға жатпайды. Тіпті, бұл шешім жеңіске жетелесе, сөз бөлек. Оның мысалын Қарабақтағы майданнан хабар берген Валерий Мельниковтың

фотосуретінен-ақ аңғаруға болады. Автор қоныс аударарда өз үйін өртеген жергілікті тұрғынның іші аралуысын сәтті таспалап алған. Қарабақтағы босқындардың жай-күйіне халықаралық ұйымдардың назар уәтеуіне де осы фотосуреттің танымалдығы әсер еткенін айта кеткен жөн.

Байқаудағы “Желел ақпар” айдарында жеңіске жеткен фототуынды адам құлығы мен демократияға негізделген. Авраам Линкольн ескерткіші тұрасында пір таласқан екі америкалықтың эмоциялық ишарасы жастар мен аға буынның пір алашатын суреттейді. Алта кетейік, АҚШ-тағы Black Lives Matter қозғалысы Авраам Линкольн ескерткішінен нәсіларалық кемсітуді туспалаған элемент тапқан болатын. Сондықтан фотографтың сәтті суреті бүгінгінің жаңалығын жеткізді деп бағаланған еді.

Ерсін ШАМШАДИН

Көзекші редактор: Е.ШӘРІПБЕК

JULDYZ - JORAMAI

(1 – 11 қараша)



Толты

Апта біршама қызықты идеяға толы болады. Оны тезірек жүзеге асыруға тырысыңыз. Үлкен нәтижеге қол жеткізу үшін көп еңбектену қажет. Ал бұл апта іскерлік байланысты нығайтуға қолайлы.



Торпақ

Позитивке толы уақыт жетті, сондықтан күтпеген қиындықтар тез өрі оңай шешесіз. Ұнжырағыңыз түспесін. Бастысы өзіңіз дұрыс деп тапқан жолдан айнымаңыз. Көптеген адамға жақсы әсер қалдырып, олардың өміріне өзгеріс әкелуіңіз бек мүмкін.



Егіз

Ұсақ-түйекке бола жүйкеңізді жұқартпаңыз, қиын-дықтың барлығы аз уақыттың ішінде шешімін табады. Бұл аптада сәтті қадамдар жасалады. Таңғаларлық оқиға, күтпеген жағдайлар орын алуы мүмкін. Соның әсерінен көптеген адамға басқа көзқараспен қарай бастайсыз.



Шаян

Апта жаңа таныстық үшін өте қолайлы болмақ. Жаныңызға жақын жанмен алдағы күндерге жоспар құрасыз. Осы тұста кедергіні жеңуге жәрдемдесетін адамдар пайда болады. Бастысы отбасыңызға көңіл бөледі ұмытпаңыз.



Арыстан

Аптаның әр күні сізді ерекше қуантады. Жақындарыңыз тарапынан жақсы жаңалық естіп, үнемі көтеріңкі көңіл-күймен жүресіз. Сондай-ақ достарыңызбен тату қарым-қатынас орнатуға сәтті апта болмақ. Қаржы мәселесі де тез арада шешімін тауып, жаңа бастамаларға ден қоясыз.



Бикеш

Күтпеген кездесулер орын алып, іскерлік қарым-қатынастағы шаруа оңайланбақ. Сол үшін басыңыздан өткен жағдайды дұрыс бағамданыңыз. Аптаның жарқын тұстарын қызықты өткізесіз, кемесі тізбесті ұстастары сізге кері әсер етпейді. Әр күнді жақсылықпен өсеңдей, қиыншыты өткізу өз қолыңызда екенін ұмытпаңыз.



Таразы

Аптада көптеп армандарға тілегіңіз орындалады. Өзіңізді бақытты сезініп жүресіз. Бұрын қолға алуға қаймаққан істерді қайта жандандыруыңыз мүмкін. Әрі жаңадан кәсіп бастап, тұрғындарға қуаныш сыйлауға сізге орайлы мүмкіндік туып тұр.



Сарышаян

Шығармашылық қабілетіңізді көрсететін орайлы уақыт туып тұр. Өте маңызды істе қолыңыз болады. Ол үшін уайымдан берілмей, тек сол іске ден қойыңыз. Қаржылық мәселе де жылдам шешіледі. Бастысы шынайы қалпыңызды жоғалтпаңыз.



Мерген

Бұл аптада шығын көлемі азайып, біршама қарыздан құтыласыз. Жоспарыңызға қатысты өзгеріс енгізесіз, қолға алған жаңа жобаның нәтижелі болмақ. Бастысы ұсақ-түйекке көп мән бермей, ірі жобаларға көңіл бөліңіз.



Тәуеші

Жаңа аптада керемет мүмкіндік күтіп тұр. Жуық арада өзіңіз жоспарлаған саяхатқа жолға шығасыз. Сол үшін өз саланызда бепенділікті арттырған абзал. Аптаның өкініш жартысында кейбір жандарға қатысты ойыңыз өзгеріп, жақын адамдардың өмірін жақсартуға үлес қосасыз.



Сұқйығыш

Сізді жұмыс барысында сәтті кездесу мен табысты шешім күтіп тұр. Осы уақытта дейін көп күш жұмсаған істеріңізді қайта бағамданыңыз. Қарым-қатынасы жақсы болашаққа деген сенімді жоғалтпаңыз. Алта бойы көңіл-күйіңіз көтеріңкі жүреді.



Балық

Апта жағымды жаңалық пен қуанышты оқиғадан басталады. Уақытыңызды жақындарға арнау үшін жұмыс барысында қиын жауапкершілік артудан аулақ болыңыз. Күнделікті жоспарды қадағалап, өткен күнді ой елегінен өткізуді әдетке айналдырыңыз.